

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер көлік құралдарына салық төлеуден босатылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 шілдедегі N 938. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.11.26 . N 1519 қаулысымен. ~P011519

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235

Z952235_

Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер көлік құралдарына салық төлеуден босатылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 7 шілдедегі
N 938 қаулысына
қосымша

Мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының
Тізбесі

Автомобиль-цистерналар (сүттасығыштар)

Мал дәрігерлігі қызметінің автомобильдері
Автозообиологиялық лабораториялар
Автоазық тасымалдағыш
Ауыл шаруашылығына арналған автотиеуіштер
Сепкіштерге автомайқұйғыштар
Тыңайтқыш енгізуге арналған автомашиналар
Ұшақтарға минералды тыңайтқыштарды және улы химикаттарды
автотиеуіштер
Автотұзазықжемшашқыш
Тең штабельдерін автотасымалдауыш
Дөңгелекті тракторлар, өзі жүретін шассилер және оңтайлы
энергетика құралдары
Өзі жүретін дестелегіштер
Астық жинайтын комбайндар
Өзі жүретін шөп шапқыштар
Азық жинауыш комбайндар
Маялағыштар
Пәлек жинайтын машиналар
Жиын-терін комбайндары (тамыржемістілерді, картопты, томатты,
көк бұршақты және басқаларды жинауға арналған).
АН-2 С/Х әуе кемесі

Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.01.31.
N 129 қаулысымен.

P960129_